

## 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсан № 287-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 15 қаңтарында № 2559 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2013 жылғы 04 шілдедегі № 157-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 04.07.2013 № 157 - V шешімімен.

Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес және облыс әкімдігі ұсынған 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет жобасын қарап, облыстық мәслихат XIX сессиясында

**Ш Е Ш Т І :**

1. 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 105 415 487 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер – 40 154 607 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 346 086 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 000 мың теңге;

ресми трансферттердің түсімдері – 64 913 794 мың теңге;

- 2) шығындар – 98 696 182 мың теңге;

3) таза бюджеттік несиелендіру – 1 143 810 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік несиелер – 300 444 мың теңге;

несиелерді өтеу – 1 444 254 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 7 876 026 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 7 894 026 мың теңге;

(мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 18 000 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -12 911 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 12 911 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының

2010.01.27 № 303-IV, 2010.04.02 № 329-IV, 2010.07.02 № 334-IV, 2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.

2. 2010 жылға арналған облыстық бюджет табыстары Бюджет кодексіне сәйкес келесідей салықтық түсімдер есебінен жасақталатыны белгіленсін:

Атырау қаласы мен аудандар бюджеттеріне есептелетін сомадан басқа әлеуметтік және жеке табыс салығы;

қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы, орманды пайдаланғаны үшін, жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем, жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем;

салықтық емес түсімдер:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін түсімдер; облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

жергілікті бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер өнімдерін (жұмыс, қызмет көрсету) сатудан, жергілікті бюджет қаржыландыратын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуды жүргізуден ақша түсімдері;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алу;

басқа да салықтық емес түсімдер; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

бюджеттік несиелерді қайтару:

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу;

облыстық бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді қайтару; заңды тұлғаларға облыстық бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік несиелерді қайтару;

жеке тұлғаларға облыстық бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді өтеу;

қаржы агенттіктеріне ішкі көздер есебінен облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу.

Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер:

мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен

мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жіргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер.

3. Атырау қаласы мен аудандар бюджетіне жалпы мемлекеттік салықтар түсімінің жалпы сома нормативі 2010 жылға келесідей көлемде бекітілсін: төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Махамбет, Жылыой аудандарына және меншікті облыстық бюджетке - 100%;  
Мақат ауданына - 50%;  
Атырау қаласына - 70%;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет аудандарына және меншікті облыстық бюджетке - 100%;  
Жылыой ауданына және Атырау қаласына - 50%;

бір реттік талон бойынша, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Жылыой аудандарына, Атырау қаласына - 100%;

шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша төлем көзінен ұсталатын: меншікті облыстық бюджетке - 100%;

шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша төлем көзінен ұсталмайтыннан:

меншікті облыстық бюджетке - 100%;  
элеуметтік салық бойынша:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Жылыой аудандарына және меншікті облыстық бюджетке - 100%;  
Атырау қаласына - 52%.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 2010.01.27 № 303-IV, 2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.**

4. Тиісті бюджеттің кірісіне:

бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "элеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік элеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар жөніндегі берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген

бензиннен алынатын алым бойынша берешек;  
"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек есептелетін болып белгіленсін.

5. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6. Аудан, қала бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алымдардың 2010 жылға арналған көлемдері 32 890 893 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Жылыой ауданынан - 14 277 130 мың теңге;

Атырау қаласынан - 18 613 763 мың теңге болып белгіленсін.

7. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерлері 2010 жылға 6 374 253 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Құрманғазы ауданы - 2 063 590 мың теңге;

Индер ауданы - 1 080 207 мың теңге;

Исатай ауданы - 793 940 мың теңге;

Қызылқоға ауданы - 1 468 607 мың теңге;

Мақат ауданы - 246 993 мың теңге;

Махамбет ауданы - 720 916 мың теңге болып белгіленсін.

8. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте "Облыстық және аудандық бюджеттер, Атырау қаласының бюджеті арасындағы 2008-2010 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" облыстық мәслихат шешімімен бекітілген, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып, бюджет саласындағы еңбекақы қорының өзгеруіне байланысты қала және аудан бюджеттерінен трансферттердің түсімі жалпы сомасы 790 363 мың теңге көзделсін.

**Ескерту. 8 тармаққа өзгертулер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 2010.01.27 № 303-IV, 2010.04.02 № 329-IV шешімдерімен.**

9. 2010 жылы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер көрсету шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 мың теңге сомасында белгіленгені е с к е р і л с і н .

10. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен

төмендегідей

көлемдерде:

халыққа қызмет көрсету орталықтарын күтіп-ұстауға - 261 139 мың теңге;  
жаңадан іске қосылатын Денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға - 39 037 мың  
т е ң г е ;

жаңадан іске қосылатын әлеуметтік қорғау мекемелерін ұстауға - 109 680  
м ы ң т е ң г е ;

вакциналарды және басқа иммунды биологиялық препараттарды сатып алуға  
- 4 1 3 3 1 3 м ы ң т е ң г е ;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы  
негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру  
ұйымдарында білім алушыларға стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға - 105 283  
м ы ң т е ң г е ;

жаңадан іске қосылатын білім беру мекемелерін ұстауға - 639 972 мың теңге;  
мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта, техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын "   
Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге - 55 592  
м ы ң т е ң г е ;

"Өзін-өзі тану" кабинеттерінің жабдығын алу үшін - 700 мың теңге;  
арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 90 015 мың теңге;  
медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға – 71  
6 8 8 м ы ң т е ң г е ;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен  
жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру  
бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 82 991 мың теңге;

балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік монополия субъектісін  
арнайы жабдықтармен және теңіз техникасымен жаңартуға - 1 545 665 мың теңге  
;

қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік басқару деңгейлері  
арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату аясында берілетін функцияларды  
іске асыруға - 1 805 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені  
е с к е р і л с і н .

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру  
тапсырысын іске асыруға (Балапан бағдарламасы бойынша) - 342 230 мың теңге;

"Мак" операциясын өткізу үшін - 2 407 мың теңге;

**Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.04.02 № 329-IV, 2010.10.01 № 352-IV шешімдерімен.**

11. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте ауыл шаруашылығын дамытуға  
республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 285 301 мың теңге  
сомасында көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға – 52 944 мың теңге;  
көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар  
май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын  
арзандатуға – 13 961 мың теңге;  
өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және  
сапасын арттыруды қолдауға – 8 071 мың теңге;  
ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша  
көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға – 70 909 мың теңге;  
жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу  
мен өсіруді қамтамасыз етуге – 13 274 мың теңге;  
мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды  
субсидиялауға – 50 340 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені  
е с к е р і л с і н .

**Ескерту. 11 тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.04.02 № 329-IV, 2010.10.01 № 352-IV шешімдерімен.**

12. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Атырау қаласы және аудандар  
бюджеттеріне төмендегідей көлемдерде:

ең төменгі күнкөрістің мөлшері өскеніне байланысты мемлекеттік атаулы  
элеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік  
жәрдемақы төлеуге - 135 949 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан  
соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біржолғы материалдық көмек  
төлеуге – 89 323 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан  
соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай жол жүруін қамтамасыз етуге – 2 010  
м ы ң т е ң г е ;

ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін  
ұстауға – 85 154 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 174 817 мың теңге ағымдағы  
нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын Атырау қаласы  
және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің  
негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

**Ескерту. 12 тармаққа өзгертулер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.04.02 № 329-IV, 2010.10.01 № 352-IV шешімдерімен.**

13. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Атырау қаласы және аудандар  
бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010  
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 272 517 мың теңге  
с о м а с ы н д а , о н ы ң і ш і н д е :

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға 122 850 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға 149 553 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 2010.10.01 № 352-IV шешімімен.**

14. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға кәсіптік лицейлерге ағылшын пәнінен шетелдік оқытушыларды тартуға 15 600 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

15. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен 747 378 мың теңге, оның ішінде:

жергілікті деңгейде медициналық Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға – 611 480 мың теңге;

кепілді тегін медициналық көмек мөлшерін қамтамасыз ету және ұлғайтуға 218 082 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

**Ескерту. 15 тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 2010.04.02 № 329-IV, 2010.10.01 № 352-IV шешімдерімен.**

16. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте: ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 12 339 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 87 444 мың теңге сомасында бюджеттік кредит беру көзделгені ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалады.

17. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне мынадай мөлшерде ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені

е с к е р і л с і н :

елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге - 18 993 мың теңге;  
білім беру мекемелерін ағымдағы ұстауға - 196 619 мың теңге;  
мәдениет мекемелерін ағымдағы ұстауға - 35 993 мың теңге;  
сумен жабдықтау және су бөлу жүйесін күрделі жөндеуге - 940 805 мың теңге

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттер сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

студенттерді оқыту үшін - 27 275 мың теңге;  
білім беру нысандарының ғимараттарын, үй-жайларын және құрылымдарын күрделі жөндеу үшін - 200 000 мың теңге;  
қысқы мерзімге дайындық үшін - 175 327 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біржолғы материалдық көмек төлеуге облыстық бюджет қаражаты есебінен – 15 415 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай жол жүруін қамтамасыз етуге облыстық бюджет қаражаты есебінен – 772 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету - 38 075 м ы ң т е ң г е ;

азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру үшін - 10 270 м ы ң т е ң г е ;

мәдени шараларды өткізуге - 10 270 мың теңге;  
елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру үшін - 65 126 мың теңге;

газ желілерін күрделі жөндеуге - 5 200 мың теңге;

жылу желісін күрделі жөндеуге - 15 585 мың теңге;

автокөлік жолдарын күрделі жөндеуге - 4 787 179 мың теңге;

2010-2014 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасын іске асыру үшін сумен қамту нысандарының техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге – 1 6 8 0 3 м ы ң т е ң г е ;

елді мекендерде көшелерді жарықтандыру үшін - 10 000 мың теңге.

**Ескерту. 17 тармаққа өзгертулер енгізілді және толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 2010.01.27 № 303-IV, 2010.04.02 № 329-IV, 2010.07.02 № 334-IV, 2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.**

18. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға 4 711 582 мың теңге с о м а с ы н д а , о н ы ң і ш і н д е :

республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен - 433 275 мың



т е н г е ;

жергілікті бюджет есебінен - 1 278 269 қаражат көзделгені ескерілсін.  
Аталған сома бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде  
а й қ ы н д а л а д ы .

**Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.07.02 № 334-IV шешімімен.**

19. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте 2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ауылдық аймақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту және нығайтуға 7 791 673 мың теңге сомасында, оның ішінде:  
облыстың және Атырау қаласының ауылдық (селолық) елді мекендерінде ауыз су нысандарын салу және қайта құруға 630 344 мың теңге;  
облыстың және Атырау қаласының ауылдық (селолық) елді мекендерінде білім беру нысандарын салу және қайта құруға 2 346 656 мың теңге;  
облыстың және Атырау қаласының ауылдық (селолық) елді мекендерінде Денсаулық сақтау нысандарын салу және қайта құруға 5 628 160 мың теңге нысаналы даму трансферттер көзделгені ескерілсін.

Аталған нысаналы даму трансферттердің сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

**Ескерту. 19 тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.04.02 № 329-IV, 2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.**

20. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте тұрғын үй құрылысын дамытудағы 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2 974 000 мың теңге сомасында, оның ішінде:  
жалға берілетін (коммуналдық) тұрғын салуға - 529 000 мың теңге;  
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен абаттандыруға 2 445 000 мың теңге республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін.

21. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Атырау қаласының бюджетіне 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру шеңберінде нөлдік сыйақы /мүлде/ ставкасы бойынша тұрғын үй салу үшін 100 мектеп пен 100 аурухана қызметкерлеріне тұрғын үйін салуға және сатып алуға 213 000 мың теңге сомасында кредиттер көзделгені ескерілсін.

22. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен төмендегідей көлемдерде:

Атырау қаласының сол жағалауында кәріздік-тазарту ғимараттарының құрылысына - 500 000 мың теңге;

Атырау облысы мен Атырау қаласындағы электр жабдықтау объектілерінің

құрылысы және қайта құру үшін - 1 556 695 мың теңге;  
облыстық маңызы бар "Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз" ұзындығы 114 км (203  
-317 км бөлігі) автокөлік жолын қайта құруға 1 633 470 мың теңге;  
облыс және Атырау қаласының ауылдық (селолық) елді мекендерін  
газдандыруға 6 615 898 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері  
көзделгені ескерілсін.

23. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте төмендегідей көлемдерде:  
сумен жабдықтау жүйесін дамыту үшін - 685 210 мың теңге;  
коммуналдық шаруашылығын дамыту үшін - 246 473 мың теңге;  
тұрғын үй салу үшін - 2 141 672 мың теңге;  
білім беру нысандарын салу және қайта құру үшін - 1 698 925 мың теңге;  
жылу-энергетикалық жүйені дамыту үшін - 126 950 мың теңге;  
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін - 112 989 мың теңге  
сомасында нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.01.27 № 303-IV, 2010.07.02 № 334-IV, жаңа редакцияда - 2010.12.03 № 373-  
IV Шешімдерімен.

24. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап жергілікті атқарушы органдардың  
жергілікті өкілетті органдардың шешіміне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтардағы  
жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға айқындалған заңды тұлғалардың  
тізбесі мен берешектер көлемдері бойынша, мемлекеттік кепілдіктер бойынша  
міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражаттар жөніндегі  
талаптары тоқтатылатын болып белгіленсін.

25. 2010 жылға жергілікті атқарушы органдарының резерві 260 000 мың теңге  
сомасында бекітілсін.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.01.27 № 303-IV, 2010.07.02 № 334-IV, 2010.10.01 № 352-IV шешімдерімен.

26. Облыстық бюджетте 2010 жылға жергілікті атқарушы органдар қарызын  
өтеу үшін 1 117 869 мың теңге қаралсын.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.

27. 2010 жылға арналған жергілікті бюджетті орындалу процесінде  
қысқартуға жатпайтын жергілікті бюджеттің бағдарлама тізбесі 4-қосымшаға  
сәйкес бекітілсін.

28. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

29. "Энергия" МКК жарғылық капиталы 4 666 629 мың теңгеге Қызылқоға  
ауданын газдандыруға қаралған сомасынан азайтылсын.

Ескерту. 29-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының  
2010.12.03 № 373-IV Шешімімен.

Облыстық мәслихаттың XXV сессиясының 2010 жылғы 3 желтоқсандағы № 373-IV шешіміне қосымша

Облыстық мәслихаттың XIX сессиясының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 287-IV шешіміне 1 қосымша

## 2010 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 2010.10.01 № 352-IV, 2010.12.03 № 373-IV Шешімдерімен.

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы	
		АТАУЫ	
		Кірістер	105415487
1		Салықтық түсімдер	40154607
	01	Табыс салығы	21525236
	2	Жеке табыс салығы	21525236
	03	Әлеуметтік салық	14461073
	1	Әлеуметтік салық	14461073
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	4168298
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4167798
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	500
2		Салықтық емес түсімдер	346086
	01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	12186
	1	Мемлекеттік кәсіпорынның таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	2980
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9156
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	50
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3900
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3900
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	330000
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	330000

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1000
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1000
4			Трансферттердің түсімдері	64913794
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	33707362
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	33707362
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31206432
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	31206432
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мь теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
			Шығындар	98696182
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1015291
	01		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	878274
		110	Облыс мәслихатының аппараты	37165
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36815
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	350
		120	Облыс әкімінің аппараты	841109
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	480371
		003	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	323939
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	36799
	02		Қаржылық қызмет	71355
		257	Облыстың қаржы басқармасы	71355
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66104
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	2200
		014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	715
		113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	2336
	05		Жоспарлау және статистикалық қызмет	65662
		258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	65662
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облыстық басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65662
2			Қорғаныс	163377
	01		Әскери мұқтаждар	59711
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	59711

		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	30231
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс	29480
	02		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	103666
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мь теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
	250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	103666
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25355
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	5541
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	19000
		010	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	53770
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2453762
	01		Құқық қорғау қызметі	2453762
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	2335362
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1801004
		002	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	37702
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3000
		005	Ақпараттық жүйелер құру	18216
		006	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	50000
		011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	359107
		012	Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеуді және оңалтуды ұйымдастыру	15123
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	17718
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	13969
		015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	16115
		016	"Мак" операциясын өткізу	2407
		019	Көші-кон полициясының қосымша штаттық санын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау, оралмандарды құжаттандыру	738
		020	Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау	263
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	118400
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	118400
Функционалдық топ				

Кіші Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Әкімші				
Бағдарлама				
АТАУЫ				
4			Білім беру	10560917
	01		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	342230
		261	Облыстың білім басқармасы	342230
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	342230
	02		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2102007
		260	Облыстың туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	390711
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	390711
		261	Облыстың білім беру басқармасы	1711296
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	358207
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	440714
		018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	639972
		048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	122850
		058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	149553
	04		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	1589969
		253	Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	104972
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	104972
		261	Облыстың білім беру басқармасы	1484997
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1484997
	05		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	900200
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	56637
		007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	56637
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Кіші Функционалдық топ				
Әкімші				
Бағдарлама				
АТАУЫ				
		253	Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	9007

		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	9007
	261		Облыстың білім беру басқармасы	834556
		010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	68437
		060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	766119
09			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	5626511
	261		Облыстың білім беру басқармасы	1170490
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49981
		004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	23601
		005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	105913
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	538160
		011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	85136
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	60885
		016	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге республикалық бюджеттен (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	73464
		017	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	36731
		113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	196619
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	4456021
		007	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға аудандар республикалық бюджеттен (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	423077
		008	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға аудандар облыстық бюджеттен (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	1698925
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2334019
5			Денсаулық сақтау	12281449
	01		Кең бейінді ауруханалар	42949
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	42949
			Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілген медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитарлық көмек және	

		004	Денсаулық сақтау ұйымдары мамандарын жіберу бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	42949
02			Халықтың денсаулығын қорғау	244509
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	244509
		005	Жергілікті Денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіру	139637
		006	Ана мен баланы қорғау	45797
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	58307
		017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	768
03			Мамандандырылған медициналық көмек	2130088
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	2130088
		009	Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан, соның ішінде жүйкеге әсер ететін заттарды қолданылуымен байланысты зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	1663445
		019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	85926
		020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	56940
		022	Бүйрек жетімсіз ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен, диализаторлармен, шығыс материалдарымен және бүйрегі алмастырылған ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету	42438
		026	Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторлармен қамтамасыз ету	94225
		027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	163791
		036	Жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	23323
04			Емханалар	2913355
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	2913355
		010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсету	2614167
<b>Функционалдық топ</b>				
	Кіші Функционалдық топ			
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	299188
05			Медициналық көмектің басқа түрлері	378887
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	378887
		011	Жедел және шұғыл көмек көрсету және санитарлық авиация	353354
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	25533
09			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	6571661
	253		Облыстың Денсаулық сақтау басқармасы	927711

Сомасы, мы  
теңге



		001	Жергілікті деңгейде Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55769
		002	Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын іске асыру және кадрларды қайта даярлау мақсатында Денсаулық сақтау нысандарын күрделі, ағымдағы жөндеу	50209
		008	Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	3655
		013	Патологоанатомиялық союды жүргізу	31424
		016	Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	30293
		018	Ақпараттық талдау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	11536
		028	Жаңадан іске қосылатын Денсаулық сақтау объектілерін ұстау	23783
		032	Мемлекеттік Денсаулық сақтау ұйымдарының ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	22900
		033	Мемлекеттік Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратқандыру	698142
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	5643950
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	5643950
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1388172
	01		Әлеуметтік қамсыздандыру	808515
	256		Облыстың жұмыспен қамту мен әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы	572904
		002	Жалпы үлгідегі мүгедектер мен қарттарды әлеуметтік қамтамасыз ету	81222
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	251370
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	69745
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		015	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	170567
	261		Облыстың білім беру басқармасы	235611
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	232656
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	2955
	02		Әлеуметтік көмек	480195
	256		Облыстың жұмыспен қамту мен әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы	480195
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	56726

		027	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне әлеуметтік жұмыс орындары және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге ағымдағы нысаналы трансферттер	180000
		029	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін , сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарды төлеуді қамтамасыз етуге берілетін республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2010
		030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін , сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	772
<b>Функционалдық топ</b>				
	Кіші Функционалдық топ			
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		031	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	89323
		032	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15415
		035	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге атаулы әлеуметтік мемлекеттік көмек көрсетуді төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер	51799

		036	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге табысы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер	84150	
09			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	99462	
	256		Облыстың жұмыспен қамту мен әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы	99462	
Функционалдық топ					
	Кіші Функционалдық топ				
		Әкімші			Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама			
		АТАУЫ			
		001	Жергілікті деңгейде облыстық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61917	
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін трансферттер	37545	
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17007230	
	01		Тұрғын үй шаруашылығы	5228661	
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	5228661	
		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	529000	
		024	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	2141672	
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	2445000	
		031	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	112989	
	02		Коммуналдық шаруашылық	11778569	
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	3448378	
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	212757	
		030	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту	68202	
		033	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	630344	
		044	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	685210	
Функционалдық топ					

	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		046	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және елді мекендерді абаттандыруға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1234584
		047	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және елді мекендерді абаттандыруға облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	617281
	279		Облыстың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы	8330191
		001	Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының қызметін қамтамасыз ету	82295
		004	Елді мекендерді газдандыру	6615898
		014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы трансферттері	33716
		020	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді мекендерді көркейту	1000123
		113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	598159
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4503532
	01		Мәдениет саласындағы қызмет	1223549
		262	Облыстың мәдениет басқармасы	721483
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22721
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	277285
		005	Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	122703
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	253781
		113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	44993
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	502066
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	502066
	02		Спорт	2577771
		260	Облыстың туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	1887164
		001	Жергілікті деңгейде туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28019
<b>Функционалдық топ</b>				
	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			

		003	Облыстық деңгейінде спорт жарыстарын өткізу	72303
		004	Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1786842
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	690607
		017	Спорт объектілерін дамыту	690607
03			Ақпараттық кеңістік	632722
	259		Облыстың мұрағат және құжаттама басқармасы	68589
		001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10438
		002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	58151
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	68983
		008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	68983
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	448650
		007	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу	331758
		008	Телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу	116892
	264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	46500
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21597
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	24903
04			Туризм	2872
	260		Облыстың туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	2872
		013	Туристтік қызметті реттеу	2872
09			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	66618
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	66618
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56958
		003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	9660
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1702670
	09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	1702670
	279		Облыстың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы	1702670
		007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1575720
		011	Жылу-энергетикалық жүйені дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері	126950
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3063775

01			Ауыл шаруашылығы	273175
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	260836
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45759
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	420
		010	Асыл тұқымды мал шаруашылықты қолдау	99444
		011	Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдау	8071
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	70909
		016	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	13274
		020	Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын арзандату	13961
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	8998
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	12339
		099	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	12339
02			Су шаруашылығы	82991
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	82991
		009	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	82991
03			Орман шаруашылығы	56170
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы	56170
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	49170
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	7000
04			Балық шаруашылығы	1545665
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1545665
Функционалдық топ				
	Кіші Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
		015	Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен Атырау облысының балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік монополия субъектісін арнайы жабдықтармен және теңіз техникасымен жаңарту	1545665
05			Қоршаған ортаны қорғау	657338
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы	127353

		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36740
		008	Қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу	90613
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	529985
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	529985
06			Жер қатынастары	15234
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	15234
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15234
09			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	433202
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	398650
